

Жауынгерлік қол атыс қаруы мен оның патрондарын жасау, өндіру, жөндеу, сату, сатып алу, экспонатқа қою жөніндегі қызметті лицензиялаудың кейбір мәселелері туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 8 маусымдағы N 635 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 7 маусымдағы № 753 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.06.07 № 753 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

"Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 сәуірдегі Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. **Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.02.01. N 84 (ресми жарияланғаннан кейін жиырма бір күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 29 желтоқсандағы N 1894 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1995 ж., N 41, 515-к ұ ж а т) :

көрсетілген қаулыға 1-қосымшада:
реттік нөмірі 1-жолдың 3-бағанында:
төртінші абзацтағы "коллекция жасау" деген сөздер алынып тасталсын;
көрсетілген қаулыға 4-қосымшада:

"I. Санитарлық қадағалау органдарының қорытындысы қажет лицензияланатын жұмыстар мен қызметтер түрлерінің тізімі" деген бөлімде:
мынадай мазмұндағы 33-тармақпен толықтырылсын:

"33. Жауынгерлік қол атыс қаруы мен оның патрондарын жасау, өндіру, жөндеу, сату, сатып алу, экспонатқа қою.";

"II. Экологиялық қадағалау органының қорытындысы қажет лицензияланатын жұмыстар мен қызмет түрлерінің тізімі" деген бөлімде:
мынадай мазмұндағы 27-тармақпен толықтырылсын:

"27. Жауынгерлік қол атыс қаруы мен оның патрондарын жасау, өндіру, жөндеу, сату, сатып алу, экспонатқа қою.";

"III. Тау-кен техникалық қадағалау қорытындысы қажет, лицензияланатын жұмыстар мен қызмет түрлерінің тізімі" деген бөлімде:

мынадай мазмұндағы 13-тармақпен толықтырылсын:

"13 Жауынгерлік қол атыс қаруы мен оның патрондарын жасау, өндіру, жөндеу, сату, сатып алу, экспонатқа қою.";

2) "Жауынгерлік қол атыс қаруының және оған оқ-дәрінің, сондай-ақ суық қарудың айналымы ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 18 қыркүйектегі N 1032 қаулысына :

көрсетілген қаулымен бекітілген Жауынгерлік қол атыс қаруының және оған оқ-дәрінің, сондай-ақ суық қарудың айналымы ережесінде:

4-тармақ мынадай мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын:

"Қару мен оның патрондарын өндіруді қаруды өндіруге (зерттеуге, жасауға, сынауға, дайындауға, сондай-ақ көркем өңдеуге, жөндеуге, жинауға, қайта жасауға), патрондар мен олардың құрамдас бөліктерін дайындауға лицензиясы бар заңды тұлғалар жүзеге асырады.

Заңды тұлғалар қару мен оның патрондарын өндіруге тұтастай (бірыңғай технологиялық кешенді ескере отырып) да, оның жекелеген түрлеріне де лицензия ала алады."

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2004

жылғы

8

маусымдағы

N

635

қаулысымен

бекітілген

Жауынгерлік қол атыс қаруы мен оның патрондарын жасау, өндіру, жөндеу, сату, сатып алу, экспонатқа қою жөніндегі лицензияланатын қызмет түріне қойылатын біліктілік талаптары

Ескерту. Біліктілік талаптарының күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.02.01. N 84 (ресми жарияланғаннан кейін жиырма бір күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

